

"Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 374 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 ақпандағы № 68 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 ақпанда № 35760 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 374 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17063 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көзделген есептерді жер қойнауын пайдаланушы ақпараттандыру объектісі "Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы" ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ЖҚПП) электрондық нысанын толтыру және ақпаратты ұсыну үшін жер қойнауын пайдаланушының өкілеттік берілген лауазымдық тұлғаның электрондық цифрлық қол қоюы арқылы ұсынады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган есептер негізінде жиынтық ақпарат дайындайды, оны лицензиялық-келісімшарттар талаптарының міндеттемелерін орындау туралы есеп ұсыну мерзімі өткен бойда екі ай ішінде құзыретті органға және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына ЖҚПП арқылы жолдайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Есептің тиісті нысанында жеке көрсеткіштер болмаған жағдайда сызық қойылады.

Қосымша ақпарат (ілеспе хат, қоса берілетін құжаттардың көшірмесі) ЖҚПБП жүйесіне енгізіледі және ақпаратты ұсыну үшін жер қойнауын пайдаланушының өкілеттік берілген лауазымдық тұлғасы электрондық цифрлық қол қояды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өткен жыл үшін әр жылдың отызыншы шілдесінен кешіктірмей берілген есеп түзетуге жатады.";

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

К. Шарлапаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және
құрылыс министрінің
2025 жылғы 27 ақпандағы
№ 68 Бұйрыққа
1-қосымша
Жер қойнауын
пайдаланушының пайдалы
қатты қазбаларды барлау
және өндіру, кең таралған
пайдалы қазбаларды
өндіру жөніндегі операцияларды
жүргізу кезінде есептерді
ұсыну қағидаларына
1-қосымша

Ұсынылады: пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі құзыретті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mps>.

Әкімшілік нысанның атауы: пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ПҚҚЛ.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең:

--	--	--	--

жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензиялар бойынша жер қойнауын пайдаланушылар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы арқылы электронды түрде.

1-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушы (заңды немесе жеке тұлға) және пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияға қатысы туралы мәліметтер

p/c №	Жер қойнауын пайдаланушы және жер қойнауын пайдалану құқығы туралы жалпы мәліметтер	Мағынасы
1	2	3
1.	Жер қойнауын пайдаланушының – заңды тұлғаның толық атауы/жер қойнауын пайдаланушының – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)	
1.1.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі	
2.	Осы есеп берілетін есепті кезең	
3.	Лицензия нөмірі	
3.1.	Лицензия берілген күні	
3.2.	Лицензия мерзімінің аяқталатын күні	
4.	Есепті кезеңнің басындағы блоктар саны	
5.	Есепті кезеңнің соңындағы блоктар саны	
6.	Есепті кезеңде блоктардан бас тарту күні (егер қолданылса)	

7.	Жер қойнауын пайдаланушы лицензияның қолданылуы басталғаннан бастап есепті кезеңнің басында (болған кезде) бас тартқан блоктар саны	
7.1.	оның ішінде лицензия бойынша блоктардың бастапқы санынан %-бен	
8.	Есепті кезеңде барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің талап етілетін сомасы, мың теңгемен	
9.	Барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету деректемелері	
9.1.	Барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі (тәсілдері)	
9.2.	Барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету сомасы (сомасы), мың теңгемен	
10.	Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну күні	
10.1.	Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету сомасы, мың теңгемен	
11.	Есепті кезеңде тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру мақсатында тау-кен-аршу жұмыстарын жүргізудің басталған күні (егер қолданылатын болса)	
12.	Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органның тау-кен массасын алуға немесе 1000 текше метрден астам топырақты жылжытуға рұқсат беру күні (егер қолданылса)	

13.	Есепті кезеңде 1000 текше метрден астам тау-кен массасы алынған немесе топырақ ауыстырылған жағдайда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етудің деректемелері	
13.1.	Есепті кезеңде 1000 текше метрден астам тау-кен массасы алынған немесе топырақ ауыстырылған жағдайда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етудің тәсілі (тәсілдері)	
13.2.	Есепті кезеңде 1000 текше метрден астам тау-кен массасы алынған немесе топырақ ауыстырылған жағдайда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етудің сомасы (сомасы), мың теңгемен	
14.	Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етуді ұсыну күні	
15.	Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етуді ұсынған кезде жою жоспарының (өзгертілген жою жоспарының) кешенді сараптамасының/ өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасының және мемлекеттік экологиялық сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн	
16.	Барлау жоспарының мемлекеттік экологиялық сараптамасының (егер талап етілсе), оның ішінде өзгерістерді ескере отырып, соңғы оң қорытындысын алған күн	

17.	Жер қойнауын пайдаланушының бекіткен күні және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жоспарын (барлау жоспарына өзгерістерді) берген күні	
17.1.	Қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жоспарын (барлау жоспарына өзгерістер) беру күні	
18.	Аудитордың тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)/ аудиторлық компанияның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, атауы, байланыс ақпараты (мекенжайы, телефоны, e-mail), осы есепте көрсетілген шығыстарды растайтын аудиторлық есептің атауы мен деректемелері	

2-бөлім. Есепті кезеңдегі пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған шығыстар бойынша мәліметтер

р/с №	Мақала атауы	Код тармақ-тары	Өлшем бірлігі	Ең аз көрсеткіш	Жыл басынан басталған дерек
1	2	3	4	5	6
1.	Барлауға арналған жыл сайынғы шығыстар, барлығы:	509	мың теңге		
2.	оның ішінде: геологиялық барлау жұмыстары	100	мың теңге		
3.	геохимиялық жұмыстар	101	мың теңге		
4.	геофизикалық жұмыстар	102	мың теңге		
5.	дистанциялық тексеру бойынша жұмыстар	103	мың теңге		
6.	іздеу жұмыстары	104	мың теңге		
7.	жынысөзекті бұрғылау	105	мың теңге		
8.	жынысөзектісіз бұрғылау	106	мың теңге		

9.	арықтар, траншея, шурфтарды және басқа барлау тау кен қазбасын жүргізу	107	мың теңге		
10.	егіс топтарын жабдықтау	108	мың теңге		
11.	жобалау-констр укторлық және э с к и з жұмыстары	109	мың теңге		
12.	тасымалдау	110	мың теңге		
13.	егіс лагерін бөлу бойынша жұмыстар	111	мың теңге		
14.	қоршаған ортаның жағдайын зерттеулер	112	мың теңге		
15.	техникалық-эко номикалық негіздеуді дайындау	113	мың теңге		
16.	барлау салдарын жою, бұзылған жерлерді қалпына келтіру бойынша жұмыстар	114	мың теңге		
17.	жобалау құжаттарын әзірлеу	115	мың теңге		
18.	Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу технологиясын таңдау бойынша зерттеулер	116	мың теңге		
19.	зертханалық зерттеулер жүргізу және сынамаларды талдау	117	мың теңге		
20.	геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері		мың теңге		

	бойынша есептер дайындау	118			
21.	геологиялық барлау бойынша басқа жұмыстар	119	мың теңге		
22.	басқару және әкімшілік қажеттілігі, бухгалтерлік есепті енгізу, ғылыми зерттеу, персоналдарды оқыту және басқа ұқсас шығыстарға арналған басқа шығыстар	120	мың теңге		
23.	қол қою бонусы	531	мың теңге		
24.	жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы (жалдау төлемі)	541	мың теңге		
25.	Қосымша міндеттемелер (бар болса)	132	мың теңге		
26.	"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 192- бабы 7, 8 және 9 -тармақтарының ережелерін ескере отырып, барлауға лицензия берілген күннен бастап алдыңғы есепті кезеңді қоса алғандағы кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы шеккен барлау жөніндегі операциялар бойынша шығыстарға		мың теңге		

	жататын лицензия бойынша шығыстардың жалпы сомасы	133			
--	---	-----	--	--	--

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы: _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ деректері;

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты.

"__" ____ 20 __ жыл ____ сағат ____ минут.

Ескерту:

Есепке есепте көрсетілген шығыстарды растайтын "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудиторлық есеп қоса беріледі. Егер аудиторлық есеп жер қойнауын пайдаланушының қаржылық есептілігіне жасалса, онда пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған шығыстарды ашып көрсете отырып, қаржылық есептілік қоса беріледі.

"Пайдалы қатты қазбаларды
барлау жөніндегі лицензиялық
міндеттемелердің орындалуы
туралы есеп" әкімшілік
деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп" (Нысанның индексі: 1-ПҚҚЛ, кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Пайдалы қатты қазбаларды барлау бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды қызметін пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

3. Нысанға жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ арқылы қойылады.

4. Нысан жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Нысанның 1-бөлімі бойынша

3-баған толтырылады

1-жолда жер қойнауын пайдаланушының толық атауы, заңды тұлғалар үшін – атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

2-жолда осы есеп берілетін есепті кезең көрсетіледі. Толық күнтізбелік жыл болған жағдайда тиісті жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең көрсетіледі. Толық емес күнтізбелік жыл кезінде жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығына ие болған нақты кезең көрсетіледі.

3-жолда лицензияның нөмірі мен берілген күні, лицензияның қолданылу мерзімінің соңғы күні көрсетіледі.

4-жолда есепті кезеңнің басындағы лицензия бойынша блоктардың саны көрсетіледі.

5-жолда есепті кезеңнің соңындағы лицензия бойынша блоктардың саны көрсетіледі.

6-жолда егер жер қойнауын пайдаланушы есепті кезең шеңберінде блоктардың бір бөлігінен бас тартқан жағдайда блоктардан бас тартудың толық күні көрсетіледі. Егер есепті кезеңде блоктар саны өзгермесе, жол толтырылмайды.

7-жолда жер қойнауын пайдаланушы лицензияның қолданылуы басталғаннан бастап есепті кезеңнің басында бас тартқан блоктардың саны, оның ішінде лицензия бойынша блоктардың бастапқы санынан %-бен көрсетіледі. Егер лицензия қолданысының басынан бастап блоктар саны өзгермесе, жол толтырылмайды.

8-жолда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 373 бұйрығымен бекітілген Бір блок үшін қамтамасыз ету мөлшерін айқындау әдістемесіне сәйкес есептелген есепті кезеңде барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің талап етілетін сомасы көрсетіледі.

9-жолда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің ұсынылған тәсілі (тәсілдері) (сақтандыру шарты, банктік салым кепілі шарты, кепілдік), оның деректемелері және өтелетін сомасы (сомасы) көрсетіледі.

10-жолда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну күні және қамтамасыз ету (қамтамасыз ету) сомасы көрсетіледі.

11-жолда жер қойнауын пайдаланушының есепті кезеңде тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру мақсатында тау-кен-аршу жұмыстарын жүргізуді бастаған күні, оны жүргізген жағдайда көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

12-жолда тау-кен-аршу жұмыстары жүргізілген жағдайда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органның тау-кен массасын алуға немесе топырақты 1000 текше метрден астам жылжытуға рұқсатының берілген күні көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

13-жолда тау-кен массасының 1000 текше метрден астамын алып қойған немесе топырақты ауыстырған жағдайда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің ұсынылған қосымша тәсілі (тәсілдері) (сақтандыру шарты, банктік салым кепілі шарты, кепілдік), оның деректемелері және өтелетін сомасы (сомасы) көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

14-жолда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етуді ұсыну күні көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

15-жолда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етуді ұсынған кезде жою жоспарының (өзгертілген жою жоспарының) өнеркәсіптік қауіпсіздік кешенді сараптамасының/ сараптамасының және мемлекеттік экологиялық сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

16-жолда барлау жоспарының мемлекеттік экологиялық сараптамасының (егер талап етілсе), оның ішінде өзгерістерді ескере отырып, соңғы оң қорытындысын алған күн көрсетіледі.

17-жолда жер қойнауын пайдаланушының барлау жоспарын бекіткен күні және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жоспарын (барлау жоспарына өзгерістер) берген күні көрсетіледі.

18-жолда аудитордың (жеке тұлғаның) тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) не аудиторлық ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, байланыс ақпараты (мекенжайы, телефоны, e-mail), осы есепте көрсетілген шығыстарды растайтын аудиторлық есептің не барлауға арналған шығыстар жеке ашылған жылдық қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық есептің атауы мен деректемелері көрсетіледі.

Нысанның 2-бөлімі бойынша

5 және 6-бағандар толтырылады

5-бағанда тек 1-жол толтырылады. Лицензия мерзімінің толық емес күнтізбелік жылы кезінде есепті кезеңнің барлық толық күнтізбелік айлары үшін барабар есептелген ең төменгі жиынтық шығыстар көрсетіледі.

6-бағанда әрбір жол есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушы жүргізген жұмыстардың тиісті түріне нақты шығыстарды көрсете отырып толтырылады. Егер жер қойнауын пайдаланушы қандай да бір жұмыс түрлерін жүзеге асырмаса, тиісті жолға сызықша қойылады.

6-бағанда 1-жолда 2-21-жолдар бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

25-жол пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияда ақшалай баламада қосымша міндеттемелер болған жағдайда толтырылады. Олар болмаған жағдайда 5 және 6-бағандарда сызықша қойылады.

26-жолда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 192-бабы 7, 8 және 9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, барлау жөніндегі операциялар бойынша шығыстарға жататын, лицензия бойынша оның берілген күнінен бастап алдыңғы есепті кезеңді қоса алғандағы кезең ішінде, лицензия бойынша шеккен шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Осы соманы есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушы лицензия берілген күннен бастап өткен есепті кезеңдер үшін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынған пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есептерден алынған ақпарат пайдаланылады.

Бұйрыққа

2-қосымша

Жер қойнауын

пайдаланушының пайдалы

қатты қазбаларды барлау

және өндіру, кең таралған

пайдалы қазбаларды

өндіру жөніндегі операцияларды

жүргізу кезінде есептерді

ұсыну қағидаларына

2-қосымша

Ұсынылады: Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі құзыретті органға, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жергілікті атқарушы органына.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mps>.

Әкімшілік нысанның атауы: қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 2-ПҚӨ.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең:

--	--	--	--

ЖЫЛ.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар өндіруге немесе кең таралған пайдалы қазбаларға арналған лицензиялар бойынша.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы арқылы электронды түрде.

1-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушы (заңды немесе жеке тұлға) туралы және барлауға арналған келісімшарттарға, өндіруге арналған келісімшарттарға немесе қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды бірлесіп барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарға қатысты мәліметтер

р/с №	Жер қойнауын пайдаланушы және жер қойнауын пайдалану құқығы туралы жалпы мәліметтер	Мағынасы
1	2	3
1.	Жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлғаның толық атауы/ жер қойнауын пайдаланушының - жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде).	
1.1.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі	
2.	Осы есеп берілген есепті кезең	
3.	Лицензия нөмірі	
3.1.	Лицензияның берілген күні	
3.2.	Лицензия мерзімі	
4.	Есепті кезеңнің басындағы өндіру учаскесі аумағының алаңы, ш.км	
5.	Есепті кезеңнің соңындағы өндіру учаскесі аумағының ауданы, ш.км	
6.	Есепті кезеңде өндіру учаскесінің бөлігінен бас тарту күні (егер қолданылса)	
7.	Есепті кезеңде жою жоспарына сәйкес өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің	

	орындалуын қамтамасыз етудің талап етілетін сомасы, мың теңгемен	
8.	Өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету деректемелері	
8.1.	Өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі (тәсілдері)	
8.2.	Өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету сомасы (сомалары), мың теңгемен	
9.	Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну күні	
9.1.	Операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету сомасы, мың теңгемен	
10.	Өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізудің басталу күні	
11.	Жою жоспарының (өзгертілген жою жоспарының) кешенді сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн	
11.1.	Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн	
11.2.	Тарату жоспарына (өзгертілген тарату жоспарына) мемлекеттік экологиялық сараптаманың соңғы оң қорытындысын алған күн	
12.	Тау-кен жұмыстары жоспарында сипатталған өндіру жөніндегі операцияларға экологиялық рұқсат берілген күн	
13.	Жер қойнауын пайдаланушының тау-кен жұмыстарының жоспарын бекіту күні (тау-кен жұмыстарының жоспарына өзгерістер)	
	Қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті органға	

13.1.	тау-кен жұмыстарының жоспарын (тау-кен жұмыстарының жоспарына өзгерістер) беру күні	
14.	Аудитордың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)/ аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі, байланыс ақпараты (мекенжайы, телефоны, e-mail), осы құжатта көрсетілген шығыстарды растайтын аудиторлық есептің атауы және деректемелері есеп беру	

2-бөлім. Есепті кезеңде қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған шығыстар бойынша мәліметтер:

р/с №	Мақалалардың атауы	Код тармақ-тары	Өлшем бірлігі	Ең аз көрсеткіш	Жыл басынан басталған дерек
1	2	3	4	5	6
1.	Өндіруге арналған жылсайынғы шығыстар, барлығы:	510	мың теңге		
2.	үңгілеу жұмыстары немесе аршу жұмыстары	120	мың теңге		
3.	желдетуді қамтамасыз ету	121	мың теңге		
4.	бұрғылау жару жұмыстары	122	мың теңге		
5.	бекіту немесе тау кен қазуды қолдау	123	мың теңге		
6.	тау қысымын басқару	124	мың теңге		
7.	кендерді немесе жыныстарды тасымалдау	125	мың теңге		
8.	кендерді үйінді түзілу және (немесе) қаттау	126	мың теңге		
9.	кендерді, жыныстарды ұсату	127	мың теңге		
10.	сілтіңсіздердіру (шоғырлы және (немесе) жерасты)	128	мың теңге		

11.	өндіру учаскелерінде өндірістік инфрақұрылым ының қосалқы объектілерін және байыту өндірісі, кендерді салу бойынша барлық жұмыстар	129	мың теңге		
12.	өндіру бойынша басқа шығыстар	130	мың теңге		
13.	басқару және әкімшіліктендір у қажеттілігі, бухгалтерлік есепті енгізу, ғылыми зерттеу, персоналдарды оқыту және басқа ұқсас шығыстарға арналған басқа шығыстар	131	мың теңге		
14.	Қазақстандық мамандарды оқыту, барлығы	520	мың теңге		
15.	оның ішінде: оқытуға арналған жанама шығыстар, барлығы		мың теңге		
16.	Оқытуға арналған жалпы шығыстардан:				
17.	Қазақстан Республикасын ың азаматы б о л ы п табылатын, жер қойнауын пайдаланушы қызметкерлерін оқытуды қаржыландыру		мың теңге		
18.	жер қойнауын пайдаланушы қызметкері болмайтын, Қазақстан		мың теңге		

	Республикасын ың азаматтарын оқытуды қаржыландыру				
19.	жергілікті атқарушы органның ұсыну бойынша білім ұйымының материалдық-те хникалық базаларын жақсарту үшін қажетті тауарлар , жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізімін сатып алу		мың теңге		
20.	Ғылыми-зерттеу , ғылыми-техника лық және (не месе) тәжірибелік-кон структорлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) арналған шығыстар, барлығы	522	мың теңге		
21.	оның ішінде: Қазақстан Республикасын ың аумақтарында		мың теңге		
22.	Жалпы шығыстардан:				
23.	"Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорына аударылды	522/1	мың теңге		
24.	автономдық білім ұйымына аударылды	522/2	мың теңге		
25.	ғылым саласындағы аккредиттелген уәкілетті органға, ғылым		мың теңге		

	саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымға аудару	522/3			
26.	Ғ ы л ы м саласындағы, сондай ақ автономды білім ұйымынан қызметті жүзеге асыратын ұйымнан, сондай-ақ дербес білім беру ұйымынан ҒЗТКЖ сатып алынды	522/4	мың теңге		
27.	зияткерлік меншік объектілерінде құқықты иемдену	522/5	мың теңге		
28.	жеке ҒЗТКЖ жүргізілді	522/6	мың теңге		
29.	жекеменшік ғылыми зерттеу және (немесе) талдамалық зертханаларды күтіп-ұстау	522/7	мың теңге		
30.	қол қою бонусы	531	мың теңге		
31.	жер учаскелерін пайдалану үшін төлемдер (жалдау төлемдері)	541	мың теңге		
32.	қосымша міндеттемелер (бар болса)	132	мың теңге		
	"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 210-бабы 7, 8 және 9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, өндіруге				

33.	лицензия берілген күннен бастап алдыңғы есепті кезеңді қоса алғандағы кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы өндіру жөніндегі операциялар бойынша шеккен шығыстарға жататын лицензия бойынша шығыстардың жалпы сомасы	133	мың теңге		
-----	---	-----	-----------	--	--

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ деректері;

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты.

"__" ____ 20 __ жыл ____ сағат ____ минут.

Ескертпе:

Есепке есепте көрсетілген шығыстарды растайтын "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудиторлық есеп қоса беріледі. Егер аудиторлық есеп жер қойнауын пайдаланушының қаржылық есептілігіне жасалса, онда сондай-ақ пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған шығыстарды (кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар бойынша есептерді қоспағанда) ашып көрсете отырып, қаржылық есептілік қоса беріледі.

Есепке ұйымның атауын, орналасқан жерін, байланыс деректерін (телефон, электрондық пошта мекенжайы), жұмсау бағыттарының әрқайсысы бойынша зерттеулердің тақырыбы мен мақсатын көрсете отырып, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығыстар туралы ақпараттық анықтама (есептің 23-29-жолдары) қоса беріледі.

"Қатты немесе кең таралған

пайдалы қазбаларды өндіру
бойынша лицензиялық
міндеттемелердің орындалуы
туралы есеп" әкімшілік
деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп" (Нысанның индексі: 2-ПҚӨ, кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды қызметін қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

3. Нысанға жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ арқылы қойылады.

4. Нысан жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Нысанның 1-бөлімі бойынша

3-баған толтырылады

1-жолда жер қойнауын пайдаланушының толық атауы, заңды тұлғалар үшін – атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

2-жолда осы есеп берілетін есепті кезең көрсетіледі. Толық күнтізбелік жыл болған жағдайда тиісті жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең көрсетіледі. Толық емес күнтізбелік жыл кезінде жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығына ие болған нақты кезең көрсетіледі.

3-жолда лицензияның нөмірі мен берілген күні, лицензияның қолданылу мерзімінің соңғы күні көрсетіледі.

4-жолда есепті кезеңнің басындағы өндіру учаскесі аумағының ауданы көрсетіледі.

5-жолда есепті кезеңнің соңындағы өндіру учаскесі аумағының алаңы көрсетіледі.

6-жолда егер жер қойнауын пайдаланушы есепті кезең шеңберінде өндіру учаскесінің бір бөлігінен бас тартқан жағдайда өндіру учаскесінің бір бөлігінен бас

тартудың толық күні көрсетіледі. Егер есепті кезеңде өндіру учаскесі аумағының ауданы өзгермесе, жол толтырылмайды.

7-жолда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 386 бұйрығымен бекітілген пайдалы қатты қазбаларды өндіру бойынша операциялардың салдарын жоюдың болжамды құнын есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген есепті кезеңде өндіру бойынша операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің талап етілетін сомасы көрсетіледі.

8-жолда өндіру бойынша операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің ұсынылған тәсілі (тәсілдері) (сақтандыру шарты, банктік салым кепіл шарты, кепілдік), оның деректемелері және өтелетін сомасы (сомасы) көрсетіледі.

9-жолда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну күні және қамтамасыз ету (қамтамасыз ету) сомасы көрсетіледі.

10-жолда есепті кезеңде өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу басталған күн, оны жүргізген жағдайда көрсетіледі. Егер өндіру есепті кезеңде өндіру учаскесінің аумағында жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

11-жолда жою жоспарының (өзгертілген жою жоспарының) кешенді сараптамасының/өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасының және мемлекеттік экологиялық сараптамасының соңғы оң қорытындысының берілген күні көрсетіледі.

12-жолда тау-кен жұмыстары жоспарында сипатталған өндіру жөніндегі операцияларға экологиялық рұқсат берілген күн көрсетіледі.

13-жолда жер қойнауын пайдаланушының бекіткен күні және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тау-кен жұмыстары жоспарын (тау-кен жұмыстары жоспарына өзгерістер) ұсынған күні көрсетіледі.

14-жолда аудитордың (жеке тұлғаның) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) не аудиторлық ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, Байланыс ақпараты (мекенжайы, телефоны, e-mail), осы есепте көрсетілген шығыстарды растайтын аудиторлық есептің не өндіруге арналған шығыстар жеке ашылған жылдық қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық есептің атауы мен деректемелері көрсетіледі.

Нысанның 2-бөлімі бойынша

5 және 6-бағандар толтырылады

5-бағанда тек 1-жол толтырылады. Лицензия мерзімінің толық емес күнтізбелік жылы кезінде есепті кезеңнің барлық толық күнтізбелік айлары үшін барабар есептелген ең төменгі жиынтық шығыстар көрсетіледі.

6-бағанда әрбір жол есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушы жүргізген жұмыстардың тиісті түріне нақты шығыстарды көрсете отырып толтырылады. Егер

жер қойнауын пайдаланушы қандай да бір жұмыс түрлерін жүзеге асырмаса, тиісті жолға сызықша қойылады.

6-бағанда 1-жолда 2-12-жолдар бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

20-29-жолдарды жер қойнауын пайдаланушылар кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар бойынша толтырмайды.

32-жол пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияда ақшалай баламада қосымша міндеттемелер болған жағдайда толтырылады. Олар болмаған жағдайда 5 және 6-бағандарда сызықша қойылады.

33-жолда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 210-бабы 7, 8 және 9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, өндіру бойынша операциялар бойынша шығыстарға жататын, оның берілген күнінен бастап алдыңғы есепті кезеңді қоса алғандағы кезеңде лицензия бойынша шеккен, лицензия бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Осы соманы есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушы лицензия берілген күннен бастап өткен есепті кезеңдер үшін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға және республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына ұсынған пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есептерден алынған ақпарат пайдаланылады.

Бұйрыққа

3-қосымша

Жер қойнауын

пайдаланушының пайдалы

қатты қазбаларды барлау

және өндіру, кең таралған

пайдалы қазбаларды өндіру

жөніндегі операцияларды

жүргізу кезінде есептерді

ұсыну қағидаларына

3-қосымша

Ұсынылады: пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mps>.

Әкімшілік нысанның атауы: пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және олардағы елішілік құндылық үлесі туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 3-ПҚЕК.

Кезеңділік: жыл сайын пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде, тоқсан сайын пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде.

Есепті кезең:

☐

ТОҚСАН

--	--	--	--

ЖЫЛ.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей, пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы арқылы электронды түрде.

1-кесте

Ж е р қойнауын пайдалану жөніндегі операциялард ы жүргізуге арналған келісімшартт ы мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі	Сатып алу үшін код	Сатып алу коды	Сатып алу тәсілі	Сатып алу қорытындысы н қортындылау күні (күні, айы, жылы)	Келісімшартт ың №	Келісімшартт ы жасасу күні (күні, айы, жылы)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Келісімшарт қызметінің аяқтау күні (күні , айы, жылы)	Келісімшарт мәртебесі	ҚҚС қоспағанда келісімшарттың жалпы сомасы, теңге	ҚҚС қоспағанда С Ж Ж жоспарланған сомасы теңге	Т Ж Қ жеткізушінің ұйымдық-құқық тық нысаны	Т Ж Қ жеткізушінің елі
8	9	10	11	12	13

кестенің жалғасы

Т Ж Қ жеткізушілердің атауы	Жеткізушінің Бизнес-сәйкесте ндіру нөмірі (	Жеткізушінің электрондық мекенжайы	Жеткізушінің байланыс телефоны	Жеткізушілер қызметкерлердің саны	
				Жеткізуші қызметкерлеріні	Қазақстан Республикасын ың азаматтардың

	ж е к е сәйкестендіру нөмірі)			ң жалпы саны, адам	жеткізуші қызметкерлердің саны, адам
14	15	16	17	18	19

2-кесте

Келісімшарттың №	Сатып алу коды	ТЖҚ БНА бойынша ТЖҚ коды	Сатып алынған ТЖҚ атауы және қысқаша сипаттамасы (қосымша)	Өлшем бірлігі	Сатып алу көлемінде табиғи білдіру	Қ Қ С қоспағанда сатып алу көлемінің бағасын белгілеу, теңге	"СТ-KZ" сертификаты берілген тауар өндірушінің Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

"СТ-KZ" сертификат №	"СТ-KZ" сертификаттың сериясы	"СТ-KZ" сертификатты берген органның коды	"СТ-KZ" сертификатты берген күні (күні, айы, жылы)	"СТ-KZ" сертификатта көрсетілген тауарда % елішілік құндылық	Жұмыстарда (көрсетілетін қызметтер), % елішілік құндылық	Тауар шығаратын елі
9	10	11	12	13	14	15

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ деректері;

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты.

"__" ____ 20__ жыл ____ сағат ____ минут.

"Пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және олардағы елішілік құндылық үлесі туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және олардағы елішілік құндылық үлесі туралы есеп" (Нысанның индексі 3-ПҚЕК, кезеңділігі: тоқсандық, жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

